

ISSN 1728-8940

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
Kazakh National Pedagogical University after Abai

# ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Әлеуметтану және саяси ғылымдар» сериясы  
Серия «Социологические и политические науки»  
Series of «Sociological and Political sciences»  
№1(49)

Алматы, 2015

## САЯСИ ҒЫЛЫМДАР ПРОБЛЕМАЛАРЫ ПРОБЛЕМЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ НАУКИ

УДК 316.334.3

### ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫҢ МӘН-МАҒЫНАСЫ ЖӘНЕ АНЫҚТАМАСЫ: САЯСИ ТАЛДАУ

**Р.Б. Әбсаттаров** – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі, ҚРҰлттық Ғылым академиясының корресподент-мүшесі, филос.ғ.д., проф.

Мақалада қоғамдық-саяси прогресс тұрғысында әлеуметтік саясаттың мәні мен анықтамасы қарастырылады. Мақалада саяси мәселе ретінде «әлеуметтік саясат» ұғымы тереңірек қарастырылған. Сонымен бірге пікірталас тудыратын сұрақтарға да көңіл бөлінген.

**Тірек сөздер:** саясат, әлеуметтік сала, мемлекет, қоғам, тұлға, әлеуметтік топ, халық, әлеуметтік игілік, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік тәлім-тәртіб, мүдде, материалдық және рухани қажеттілік

Әлеуметтік саясат қоғамдық өмірдің маңызды ауданы, сонымен қатар мемлекеттік саясаттың негізгі бағыт-бағдарының бір саласы болып табылады. Қазіргі замандағы мемлекеттерде оның қызметінің ауқымы айтарлықтай молайған. Ол білім беруді дамыту үшін жағдайлар жасап, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады, экономиканың қоғамдық саласын дамытады. Мұнда қоғам мүшелерінің бәрі бірлесіп өздері тұтынатын «қоғамдық игіліктер» жасайды: нақты айтқандакөлік қатынасы, байланыс саласы, көшелерді абаттандыру, өрт сөндіру қызметі, құтқару қызметі және т.с.с.барша адамдарға ортақ қажеттіліктер. Ал, мемлекет болса қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамдық тәртіпті қорғау органдарын құрып, оның жұмысын реттеп, адамдардың құқығы мен мүддесін заң жүзіндеқорғау үшін мүмкіндіктер туғызады. Бұл қызметтің бәрі «әлеуметтік» деп аталады. Мемлекеттің «әлеуметтік қызметі» жөніндегі түсінік «әлеуметтік саясат» ұғымынан барынша ауқымды болып келеді. Алайда әлеуметтік саясатта бұл ұғымдардың көпшілігі жүзеге асырылады. Оның жүзеге асырылуы барысында экономиканың және қоғамның саяси жүйесінің әлеуметтік бағытықамтамасыз етіледі.

Әлеуметтік саясат қоғамдық санада қашанда адамдардың, таптардың және әлеуметтік топтардың өмір сүру жағдайындағы теңдік пен теңсіздік өлшемдері ретінде әлеуметтік әділеттікпен байланысты болады. Әлеуметтік саясатта адамгершілік және құқықтық мәселе зор рөл атқарады [1]. Бұл мәселе ауқымында әділеттілік қоғамдық санада міндетті деген ұғым болып табылады.

Әділеттілік жекелеген адамдардың, сондай-ақәлеуметтік топтардың нақты маңызы арасындағы, олардың әлеуметтік жағдайлары арасындағы талаптарды, құқықтар мен міндеттер арасындағы, еңбек пен сый-құрмет арасындағы,қылмыс пен жазаарасындағы талаптарды құрайды. Әлеуметтік саясат басқару жүйесінде пайдаланылып, ғылыми еңбектерде қолданылады. Алайда қазіргі кезеңде мұндай мәселе жөнінде түрлі пікірлер айтылып, пікірталастар туындап келеді.

Шетелдердегі және өз еліміздегі отандық ғылымда әлеуметтік саясаттың көптеген әдіс-тәсілдері мен айқындамасы бар. Осы әдіс-тәсілдердің, айқындамалардың бәрін бірнеше топтарға бөлуге болады. Бұл топтардың әрқайсысы бір-бір ұқсас концепцияға бірігеді.

Біріншісі, барынша көлемді топ әлеуметтік пен қоғамдық мәселелер бірдей теңдеген ұғым мен әлеуметтік саясат мәселелердізерттеп, зерделеп шешуде қоғамдық іс-қимыл ретінде қарастырылып, бүкіл қоғамдықамтиды. Мұнда тәсіл бойынша әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаты қоғамды өздерініңмақсатына жетуіне бейімдеу.

Екінші топ, жоғарыдағы бірінші концепцияда баяндалған мәселелерден ең бірінші әлеуметтік-еңбек қатынастарынан туындап, бұл қатынастардың тұрақты болуына бағытталып, еңбек пен капитал қатынастарын реттейді.

Концепцияның үшіншітобы, әлеуметтік саясат қоғамдық қызмет ретінде ең бірінші қарастырылып,барынша қауіпті, зиянды топтарды қамтуға бағытталады. Ал қауіпті, зиянды топтар дегеніміз еңбекке жарамсыздар мен маргиналдар, ешқандай тапқа жатпайтындар деуге болады. Мұнда әлеуметтік саясат мемлекет тарапынан көмек көрсету мен қоғамның қайырымдылық жасау жүйесі арқылы олардың қажетін қанағаттандыруды барынша аз мөлшерде ыңғайлы етіп қаматасыз етеді.

Төртінші концепция әлеуметтік саясат қоғамды технологиялық басқару ретінде қарастырылады. Мұндай ұстаным бойынша әлеуметтік саясат жекелеген адамдар мен қоғамдық теңсіздіктің жағымсыз зардаптарын, редистрибутты (қайта бөлу арқылы) жеңілдету құралы болып табылады. Мұны жүзеге асырудағы ең басты құрал салық саясатын жүргізу.

Ақырында әрекет концепциясының бесінші тобы қазіргі кезеңдегі азаматтық қоғам мен әлеуметтік мемлекеттің жинақталған құндылықтары ретінде әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік серіктестік ұстанымынан туындайды.

Шетелдерде, сондай-ақ кейінгі жылдары біздің елімізде кеңінен таралған Р.Баркердің «Әлеуметтік жұмыс сөздігі» еңбегінде әлеуметтік саясатқа берген анықтамасы мынандай: Әлеуметтік саясат дегеніміз әдіс-тәсілдерді қалыптастыру арқылы жекелеген адамдар, топтар, қауымдар, әлеуметтік мекемелер арасындағы қатынастарды реттейтін қоғамның қызметі мен ұстанымы. Бұл ұстанымдар мен іс-қимыл қоғамның дәстүрлері мен құндылықтарының нәтижесі және қазына-байлық пен адамдардың игілігінің бөліну деңгейін барынша жоғары дәрежеде айқындайды.

Барлық ғалымдар түрлі өлшемде әлеуметтік саясатты мемлекеттің әртүрлі әлеуметтік бағдарламалары мен іс-тәжірибесіндекөрініс табатын ішкі саясаттың бір бөлігі деп қарастырады. Мұның өзі қоғам мүддесіне орай қатынасты реттейді, осы мүдделер арқылы әлеуметтік топтарына қарым-қатынасын реттейді.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты қоғамның әлеуметтік дамуын оңтайландыруы бойынша жүргізілетін белгілі бір шарасы, әлеуметтік топтармен арақатынасы, олардың өкілдерінің өмір сүру қажеттерін қанағаттандыру үшін белгілі бір жағдайлар жасау.

Сонымен қатар, әлеуметтік саясатты мемлекеттің немесе қоғамның (қоғамдық институттардың) қызметі ретінде түрлі әлеуметтік топтар мен әлеуметтік-аумақтық ортақөндіріс саласында, олардың бөлу мен тұтыну мәселесінде келісім табуы бойынша айқындайды.

Алайда, ғалымдар мен жұмысты іс жүзінде атқарып жүргендер әлеуметтік саясатқа қандай анықтама берсе де, оның басты нысаны қоғамның әлеуметтік саласы болып табылады.

Қоғамның әлеуметтік өрісіне қоғам мен тұлға арасындағы қатынас, қоғамда қалыптасқан әлеуметтік топтар арасындағы қатынас қамтылады: әлеуметтік-таптық топтар, этникалық, кәсіби, діни, демографиялық мәселелер және т.с.с. Әлеуметтік салада әрбір субъектінің өзіндік ерекше мүддесі болады. Оның жағдайы өзге көптеген мәселелерден айырмашылықтары болады. Әлеуметтік өрісте қарым-қатынастар дегеніміз субъектілердің қоғамдағы маңызды орнының сақталынуы мен өзгеруі бойынша болатын қарым-қатынастар. Сондықтан, көптеген ғалымдар мемлекеттік саясатта оның негізгі өзегі деп азаматтық үміт-сенім – әлеуметтік үміт-сенім деп есептейді. Бұның бәрінің жиынтығы жұртшылық болып әлеуметтік өрістің негізін құрайды.

Осыған байланысты «әлеуметтік саясат» ұғымы кең және тар мағынада да қолданылады. Кең мағынада әлеуметтік саясаттың мәні қоғамның әлеуметтік саласын дамыту бойынша мемлекеттік қызмет болып табылады. Осылай қарастырғанда әлеуметтік саясаттың басты міндеті барлық қоғамдық топтардың дамуы үшін, олардың өзара қарым-қатынасы үйлесімді болуы үшін қоғамның материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз ету болып табылады. Қазіргі заманғы мемлекеттің мұндай қызметі оның тұрақтандырушы рөлі ретінде көрініс табады. Әлеуметтік саладағы мемлекеттің қызметі қоғам жағдайының тұрақты болуына ықпал етеді. Әлеуметтік саясаттың мақсаты қоғамдағы «әлеуметтену үдерісінің» өсуі болады. Бұның өзі барлық жекелеген адамдардың, олардың шығу тегіне, әлеуметтік дәрежесі мен жағдайының ерекшелігінен немесе интеллектуалды қабілетіне қарамастан әлеуметтік қызмет мүмкіндігінің артуын білдіреді. Мұндай жағдайда әлеуметтік саясат «әлеуметтенудің» көрсеткішін қалыптастырады, мұның өзі жеке адамдардың еркіндік дәрежесінің өсуіне, олардың таңдау жасау мүмкіндіктерінің кеңеюіне, өзідігінен даму әлеуетін жүзеге асыруына бағытталы-нуы тиіс.

«Әлеуметтік саясат» ұғымының тар мағынада айтылғанда бұл сөздің мәні адамдардың өмірінің барынша ауыр жағдайға душар болған кезде (ауруы, мүгедек болу, жұмыссыз қалу, қартаю, асыраушысынан айрылу, табиғат апатына ұшырау) адамды қорғауға бағытталған мемлекет қызметі ретінде қолданылады. Бұл терминнің тар мағынадағы мәні «әлеуметтік саясат» ұғымы «әлеуметтік қорғау» және «әлеуметтік қауіпсіздік» түсінігімен тығыз байланысты.

Әлеуметтік қорғау заң шығару, экономикалық, әлеуметтік-психологиялық жөніндегі тұрғындарға кепілдік ретінде қарастырылып, түрлі деңгейде әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етеді. Мемлекеттің «әлеуметтігі» «әлеуметтік кепілдік беру» мәселесінде көрініс табады. Мұндай жағдайда қоғам мемлекеттік жауапкершілікті өз мойнына алады. Бұл міндеттер мемлекет жүзеге асыратын белгілі бір шаралар мен әрекеттердекөрініс табылады. Сонымен қатар, бірқатар мемлекеттік емес институттар мен ұйымдар адамдардың өмірдің белгілі бір саласында қоғамның мүмкіндіктері мен күш-қуатына сүйенетін болады.

Мұндай ұстанымда әлеуметтік саясаттың басты міндеті адамдарды қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады [2]. Мұндай бағыттағы мемлекеттің қызметі әлеуметтік саясаттың «қорғаныс» қызметі болып көрінеді.

Сонымен, әлеуметтік саясаттың ауқымы жекелеген адамдар мен қоғамның тұрмыс-тіршілігінің барынша кең көлемдегі мәселелерін қамтиды. Әлеуметтік саясаттың негізгі бағыты оның өзіндік ерекшелігінен көрінеді:

- тұрғындардың табысы саясаты (өмір сүру деңгейі, тұтыну мөлшері, тұрмыс-тірлігі);
- еңбек және еңбек қатынастары саласындағы саясат (еңбекақы төлеу, еңбекті қорғау және әлеуметтік қамсыздандыру, адамдарды жұмыспен қамту және т.б.);
- әлеуметтік саланың дамуының негізгі бағыттары (денсаулық қорғау, білім беру, ғылым, мәдениет, дене шынықтыру және спорт);
- әлеуметтік экологиялық саясат;
- қазіргі заманғы инфрақұрылым саласындағы саясат (тұрғын үй, көлік, жол, байланыс, сауда және тұрмыстық қызмет көрсету);
- тұрғындардың жекелеген топтарына қатысты саясат (отбасылық, жастар саясаты, қарттар мен мүгедектерге байланысты саясат, сондай-ақ көш-қон саясаты).

Әлеуметтік саясаттың ауқымы өте кең, қоғамның ең әлсіз мүшелерінің өмір сүруін және өмір сүру қабілетін қолдауды қамтамасыз етуден бастап, нақты айтқанда мүгедектер мен қарттар, қорғансыз, жалғыз басты қалғандар, әсіресе жалғыз басты көп балалы аналар, босқындар, елді мекендеген өзге ұлт өкілдері секілді топтарға қамқорлық жасаудан бастап, бүкіл қоғамның қызметі мен дамуын қамтамасыз етуге дейін. Қоғамның әлеуметтік жағдайын айнадағыдай нақты көрсетіп отыратын арнайы есеп жүйесі (әлеуметтік статистика) жасалады. Мұнда тіпті адамдардың орташа өмір сүру көрсеткішінен бастап, балалардың өліміне дейін, қоғамдағы табысы ең төмен адамдар тобы мен табысы ең жоғары адамдардың арасындағы алшақтыққа дейін, еңбек ақының орташа мөлшері, ең төменгі еңбекақы мен бюджеттің ең аз жұмсалатын тұтыну мөлшері, жалпы тұтыну қажеттілігінің деңгейі, жан басына шаққандағы азық-түлік мөлшері, сондай-ақ тұрғын үймен қамтамасыз ету, телефон мен ұзақ уақыт пайдаланылатын заттарға дейін – бәріне де есеп жүргізеді. Осы есеп көрсеткішіне орай мемлекет әлеуметтік саланың дамуын қадағалауды, әлеуметтік саясаттың бағыттарының білгілі бір саласына орай өзгертулерді енгізу қажеттігі жөнінде шешімдер шығаруды жүзеге асырады.

Мұндай жұмыстар тек жекелеген елдерде ғана емес, жалпы әлемнің барша мемлекеттерінде жүргізіліп, мұның өзі БҰҰ-да қорытындыланып отырады. БҰҰ-да мынандай әлеуметтік статистиканың көрсеткіштері болады: ел тұрғындары, қоғамның әлеуметтік құрылымы, отбасы және тұрмыс-тірлік, отбасының табысы және оның үнемделуі мен жұмсалуды, өмір сүру деңгейі, денсаулық сақтау, азық-түлікті пайдалану, тұрғын үй жағдайы, білім беру мен мәдениет, еңбек ету жағдайы және жұмыспен қамту, ауыл тұрғындарының өмір сүру жағдайы, әлеуметтік қамсыздандыру, балаларды асырау және тәрбиелеу, мүгедектер, қарттар мен зейнеткерлердің қажеттіліктерін қанағаттандыру, адамгершілік тұрғысындағы жасалған қамқорлық түрлері мен мөлшері, қоғамдық қорлар.

Сонымен қатар, әлеуметтік саясаттың мынандай салада түрлі өлшемдері болады: экономикада, ұйымдастырушылықта, заң жүйесінде, нақты әлеуметтік салада, мәдениетте, экологияда, жеке тұлғаларда. Мұндай өлшемдерге объективті көрсеткіштер, қоғамда жүзеге асырылатын әлеуметтік саясаттың сапалық және сандық сипаттамалары сәйкеседі. Олардың арасынан басым мән-маңызға ие болатын көрсеткіштер мынандай: адамдардың түрлі топтарының әлеуметтік мүддесі және олардың рационалды қажеттіліктерін қанағаттандыру, адамдардың әлеуметтік қорғалуы, әсіресе, тұрмысы төмен топтар, балалар, зейнеткерлер, жұмыссыздар, ауыр науқасқа ұшырағандар және т.с.с.

Сондай-ақ, әлеуметтік саясат қала мен ауыл арасындағы қарым-қатынасты, адамдардың ой еңбегімен және қол еңбегімен шұғылданатындар арасындағы ерекшеліктерді, түрлі ұлт өкілдері, түрлі таптар, тіпті мемлекет пен жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуді қамтиды. Сөйтіп мұның өзі адамдардың өмір сүруінің барлық салаларын (еңбек, тұрмыс-тірлік, мәдениет), соның өзінде олардың ішіндегі жекелеген салалардың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес (мәселен, өндірістегі) қарым-қатынастарды қамтиды. Сөйтіп тікелей реттеушілік қызмет атқарады. Сонымен қатар, кейбір салаларда (мәселен, демографиялық қатынас саласында) мұндай ықпал ету жанама түрде жағдай туғызу жолымен жүзеге асады. Тіпті кей жағдайларда адамдардың немесе қоғамның әлеуметтік қалауы үшін мүмкіндігінше олардың талап-тілегін туындатуға әсер етеді.

Әлеуметтік саясаттың мұндай ықпал етуі тіпті қоғам мен тұлға арасындағы қарым-қатынастың қалыптасуын реттеуге десептігі болады. Мұндай жайт қоғамдар арасындағы және олардың ішіндегі әлеуметтік топтар мен тұлғалардың әлеуметтік қажетін білдіреді. Сөйтіп әлеуметтік саясаттың ең басты міндеті адамдар мен қоғамның игілікке бөленуі болып табылады. Мұндай жағдайда тұлғалардың дамуын қамтамасыз етуге қолайлы жағдайлар туғызу мәселелері де қозғалып отырады.

Осындай жағдайларды ой елегінен өткізсек, әлеуметтік саясатты бүтіндей алғанда, әлеуметтік ілгерілеу деген ұғымға да сыйдыруға болады. Өйткені ол қашанда адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейін білдіріп отырады. Ақыр соңында, белгілі бір елдерде әлеуметтік саясаттың тиімділігі белгілі бір мөлшерде адамдардың өмір сүру дәрежесін оңалтып, олардың еңбегі мен демалысын, тұрмыс-тірлігін қорғап, денсаулығын жақсартып, сана-сезімі мен мәдениетін өсіреді. Этникалық топтар, ұлттар арасындағы және тұлғалар арасындағы қарым-қатынасты жетілдіріп, әлеуметтік құқықтар мен кепілдіктердің жасалуына әсер етеді. Осындай жайттердің бәрін пайымдай келгенде, әлеуметтік саясат бүтіндей алғанда экономикалық саясаттың нәтижелерінде тәуелді болатынын ұғуға болады. Сондықтан да, қазіргі замандағы әлеуметтік саясаттың негізгі мақсатары мынандай деп жіктейміз:

- елдегі еңбек етуге тиістілердің, интеллектуалдардың, рухани этикалық әлеуетінің барынша сақталуы;
- заң шеңберіндегі талаптарға сәйкес елдегі нарықтың талаптарына елдегі «адам капиталын» қалыптастыру бағытын ұстанған еңбек етудің берік дағдылар мен жаңа талаптарын қалыптастырады, мұнсыз экономика жақсаруға бағыт алмайды, тиімді экономика болмайды, толыққанды нарық қалыптаспайды;
- азаматтардың, қоғамдағы түрлі топтардың және халықтың белсенділігін оятып, азаматтардың өздерін тұлға ретінде танытатындай құлшынысқа түсіру арқылы қажеттіліктері мен мүдделерін жүзеге асыруының институтционалдық және әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын қалыптастырады. Мұнсыз азаматтық қоғамның, адамдар еркіндігінің, нақты демократияның алғышарттары жасалмайды [3].

Баршаға мәлім, әлеуметтік саясаттың қызметі шығынды қажет етеді және ол бұл жөнінде ұзақ мерзімді қамтиды. Әлеуметтік дамудың әрбір бағыты қомақты қаржыны қажет ететін талаптарды туындатады. Ол алдына қаншалықты маңызды мақсат қойса, оны жүзеге асыру үшін соншалықты көп қаржы бөлінуді талап ететіні түсінікті. Алайда ақыр соңында әлеуметтік саясатқа инвестиция салу қоғамдық байлықты жұмсауда барынша өнімді болмақ.

Жоғарыдағыдай мәселелердің негізінде әлеуметтік саясат қоғам мүшелерінің «жағымды» қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, әрбір адамның әлеуметтік ілгерілеу жолында құқығы мен мүддесін қорғауға жетелейді. Сонымен әлеуметтік саясат дегеніміз әлеуметтік саланы және әлеуметтік қарым-қатынасты реттейтін мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметі болып табылады. Мұның өзі тұлғалар мен әлеуметтік топтардың, жалпы қоғамның әлеуметтік мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.

1 Бачинин В.А. Политология. Энциклопедический словарь.-СПб., 2005.-С.149, 189-190.

2 Аверин А.Н. Социальная политика. Теория и методология.-М., 2009.

3 Калиева М.Ш. Социальная политика в системе гражданского общества // Вестник КазНПУ им.Абая. Серия социологические и политические науки. 2006, - №2.-С.16-18.

#### Резюме

В статье рассматриваются сущность и определение социальной политики в контексте общественно-политического прогресса. В статье более подробно рассматривается понятие «социальная политика» как политическая проблема. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

**Ключевые слова:** политика, социальная сфера, государство, общество, личность, социальная группа, народ, социальное благо, социальное обеспечение, социальное поведение, интерес, материальная и духовная потребность

#### Summary

In article the essence and definition of social policy in the context of political progress are considered. In article the concept "social policy" as a political problem is in more detail considered. At the same time the attention and to debatable questions is paid.

**Keywords:** policy, social sphere, state, society, personality, social group, people, social benefit, social security, social behavior, interest, material and spiritual need

УДК 329 (574)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА Саяси партия институтымен көппартиялық жүйенің қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері

А.Д.Жүсіпова – с.ғ.к., Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университетінің доценті

Мақалада қазіргі таңдағы қоғамның саяси жүйесіндегі саяси партия институтының алатын орны мен ролі қарастырылып, әлем көлемінде саяси партия институтына деген қажеттіліктің әлі де болса сақталып отырғандығы дәлелденіп, посткеңестік қоғамдар мен батыстық демократия елдеріндегі саяси партия институтының қалыптасуы мен дамуына салыстырмалы талдау жасау арқылы посткеңестік елдердегі партиялардың даму динамикасының ерекшеліктері көрсетілген.

Тарихи және саяси тұрғыдан ҚР-да саяси партия институтының қалыптасуы мен даму сатылары беріліп, елдегі көппартиялық жүйенің қалыптасу ерекшеліктері анықталған; саяси партиялардың сайлау кезіндегі қызметтеріне талдау жасалып, елдегі партиялық-саяси жүйе моделінің болашағы мен тиімділігін арттыруға байланысты ұсыныстар жасалған.

**Тірек сөздер:** саяси жүйе, саяси партия, көппартиялық жүйе, азаматтық қоғам, саяси плюрализм, қоғамды демократияландыру процесі, пропорционалдық сайлау жүйесі, оппозиция, саяси менеджмент

Қоғам өмірін демократияландыру процесінде саяси жүйенің тұрақтылығы мен оның қызметінің тиімділігіне қол жеткізу саяси институттарға, әсіресе, солардың ішінде қазіргі таңда маңызды рөлге ие болып отырған саяси партияларға байланысты. Демократиялық елдерде саяси партиялар мемлекет пен азаматтық қоғамды байланыстырудың механизмі ғана емес, сонымен қатар, азаматтық қоғам тарапынан мемлекетке бақылау орнатудың маңызды құралы болып табылады.

Саяси партиялар әлеуметтік өмірдің феномені ретінде саясат сахнасынан орын алып, қоғам өмірінде ықпалды саяси күшке айналу барысында партиялардың рөліне байланысты көзқарастар мен пікірлер де өзгеріп отырды. Бастапқы кезде партияларды қоғамда жік туғызып, қақтығыстардың орын алуына әкеледі деп бағалау орын алса, кейіннен партиялар әрбір қоғамда түрлі әлеуметтік топтардың мүдделерін қорғайды және оларсыз өкілдік билікті қалыптастыру мүмкін емес деген пікір орныға бастады.

Ал, XX-ғасырдың 70-80-жылдарынан бастап саяси кеңістікте «қысым топтары», бұқаралық қозғалыстар, БАҚ сияқты күштердің саяси рөлінің арта түсуі партиялардың саяси жүйе мен билік органдарында азаматтардың аттарынан саяси өкілдік ету монополиясынан айрылуына әкелді. Осы проблемаға байланысты саясаттанушылар арасында «партиялық саясат дағдарысқа ұшырады» деген тұжырымдама қалыптасып, саяси партия институтының болашағына сенімсіздік білдіру орын алуда [1].

Алайда, бүгінгі таңда саяси партиялардың құлдырауға ұшырауы байқалмайды. Керісінше, партиялар постиндустриалдық, постмодерндік қоғамдардағы өзгерістер мен қалыптасқан саяси жағдайларға бейімделе отырып, өздерінің саяси жүйедегі орны мен рөлін сақтап отыр.

Ғылыми әдебиеттердің беттерінде саяси партияға бір қатар анықтамалар берілген. Олардың басым көпшілігі саяси партияның басты мақсаты - еркін сайлау нәтижесінде, өзге партиялармен сайысқа түсу барысында қол жеткізілген қоғамдағы қолдауға сүйене отырып, өзінің өкілдерін мемлекеттік билік органдарына ұсыну жолымен билікті алу, оны ұстау және жүзеге асыру болып табылатындығын алға тартады. Партия мәнін анықтайтын барлық жолдарды біріктіретін тағы бір маңызды ерекшелік - Конституцияның азаматтық қоғамда және саяси жүйеде де партияларға негізгі рөлді беруі. Соның нәтижесінде Қазақстанда партияның қызметі демократиялық өзгерістердің қозғаушы күші болуда.

Партиялар тарихы демократия тарихымен тығыз байланысты. Демократиялық мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесі күшті саяси партияларсыз биліктің демократиялық жолмен қалыптасуы мүмкін емес деген тезисті растай түседі. Партиялар әртүрлі топтардың мүддесін мемлекет саясатында таныту қызметін атқарады, халықтың саяси еркін қалыптастыру барысында идеялар мен пікірлер плюрализмін ұсынуды ретінде танылады. Мемлекеттің басқару органы ретіндегі және қоғамның басқарылатын нысан ретіндегі өзара байланысын жүзеге асырады, азаматтардың саяси санасын қалыптастыру, олардың бірлігін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Бұл тезисті өркениетті елдердің даму тарихынақты дәлелдеп береді.

Француз саясаттанушысы Р.Ж. Шварценберг: «Партия - үздіксіз қызмет ететін ұйым, ол ұлттық та, жергілікті деңгейде де әрекет етеді, билікті алуды, оны жүзеге асыруды мақсат тұтады және осы мақсат негізінде халықтық қолдауға ұмтылады» [2], - дейді. Бұл қағиданы Саяси партиялар туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 15 шілдедегі №344-ІІ Заңында растайды. Заңда «Қазақстан Республикасы азаматтарының, әртүрлі әлеуметтік топтарының саяси еркі мен мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілетті және атқарушы органдарын да танытатын, оларды қалыптастыруға қатысатын азаматтардың өз еркімен біріккен бірлестігі саяси партия ретінде анықталады» [3], - делінген.

Саяси партиялармен партиялық жүйелердің қалыптасуы және эволюциясынақты бір елде қалыптасқан қоғамдық-тарихи жағдайға, нақтырақ айтқанда, сол елдің экономикалық даму деңгейі, халқының таптық құрамы, саяси дәстүрлері, этникалық құрамы мен саяси мәдениетінің деңгейі негізгі байланыс-тып процесс.

Қазіргі кезде посткеңестік қоғамдардағы саяси партиялардың институционалдану процесі саясаттану ғылымында өз алдына жеке проблемалар ретінде қарастырылуда. Өйткені, посткеңестік елдердегі саяси партия институтымен партиялық жүйенің қалыптасуының батыстық модельгесәйкес келмейтін өзіндік ерекшеліктері байқалып отыр. Оның басты ерекшелігі –

қоғамды демократияландыру процесінде бұлаталған елдердің бір партиялық жүйеден көппартиялық жүйеге көшуінде.

Посткөшпенді қоғамдардағы партия институты құрылысының жиырма жылдан астам тәжірибесін ешолу жасай отырып, бұл процесітегі сол қоғамдарға тән келесі деірекшеліктерді атап өтуге болады:

- батыс Еуропа елдеріндегі партиялық жүйелер мен салыстырғанда өтпелі қоғамдарда көппартиялық жүйенің қалыптасуының барынша қысқа мерзімнің ішінде жүзеге асырылуы;
- көппартиялық жүйенің қалыптасу процесінің күрделі және қайшылықты түрде өтуі және оның барысына соліктездегі саяси-экономикалық, идеологиялық, мәдени факторлардың қалынып қушыты болуы;
- партиялардың қалыптасып, дамуында ілгері жылжуға на емес, сонымен қатар стагнация кезеңі, кері кетуде деградацияға ұшыраудың да орыналуы;
- партиялық жүйенің қалыптасуының басқадасаяси институттардың құрылуы мен қатар жүзеге асырылуы;
- жалпы қоғамда, соның ішінде саяси салада демократиялық дәстүрдің жоқтығы;
- саяси көшбасшылықтың харизматикалық типінің басым болуы;
- саяси партиялардың институционалдану процесінде мемлекеттің кеі жақты саясатының орыналуы, дәліре кайтқанда, мемлекет көппартиялық жүйенің дамуына заңдық кепілдеме беру мен қатар авторитарлық шектеуші рөлін де атқаруда.

Әрине, посткөшпенді келдердегі көппартиялық жүйенің дамуында жоғарыда айтылған нұқсас жақтары мен қатар бір өтпелі қоғамға тән өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Мәселен, зерттеуші Н.И. Харитонованың пікірі бойынша, партиялық плюрализмді қалыптастыруда Россия демократияландырудың классикалық және классикалық емес модельдерінің үлестіре қолданса, Қазақстан Республикасы «плюралистік авторитаризм» бағытын ұстануда [4].

Егеменді Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси бірлестіктердің қалыптасу тарихы 1986 жылдан бастау алады. Атап айтқанда, 1986 жылы желтоқсанда Алматы қаласында қазақ жастары «орталықтың» отаршыл саясатына ашық қарсылық білдіріп, батыл түрде шеру етті. Алматыда басталған Желтоқсан оқиғасы еліміздің бір қатар облыстарында жалғасын тапты. Бүл тек біздің елімізге ғана емес, Кеңес Одағының құрамындағы басқару республикаларды да дүрсіл кіндірген оқиға болды. Тіпті КСРО-ныңыдырау процесі осы оқиғадан басталды десек, артық болмас. Қазақ жастарының Кеңестік тоталитарлық жүйеге қарсы бас көтеруі азаматтардың саяси және ұлттық сана-сезімнің дамуына барынша ықпал етті. 1987 жылы шілдеде СОКПОК-нің қазақ халқына ұлтшыл деп айыптаққан қалысы елдегі жағдайды одан әрі шиеленістіріп жіберді. Осы кезде ұлттық мүдделері деясының негізінде топтасқан саяси партиялар да құрыла бастады. Мәселен, 1990 жылы мамыр айында «Желтоқсан» қозғалысы дүниеге келіп, кейін соның негізінде осы аттас партия құрылды. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ұлттық мүддені ұстанған партиялардың бір шамасы біртіндеп демократиялық қоғам платформасына бет бұра бастады.

Жалпы, 1986-

2002 жылдар аралығында Қазақстанда қоғамдық мәртебеге ие болған екі мыңнан астам әртүрлі қоғамдық-саяси бірлестіктер құрылған және олардың 1300-і облыстық әділет басқармалары деңгейінде тіркелген дер болды.

Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстар мен саяси партиялар өздерінің қалыптасуы мен дамуында шартты түрде мынадай алты кезеңнен өтті деуімізге болады:

- 1986 жылдың күзінен 1989 жылдың басына дейінгі кезең (бейресми бірлестіктер мен клубтық құрылымдардың дамуы);
- 1989 жылдың басынан 1991 жылдың тамызына дейін (көп ұлттық және бір ұлттық партиялар мен қозғалыстардың, ұйымдардың құрылуы);
- 1991 жылдың қыркүйегінен 1998 жылға дейін (СОКПО-ның таралуы және КСРО-ныңыдырауы, тәуелсіз Қазақстан Республикасының құрылуы, қоғам мүшелерінің саяси белсенділіктерінің артуды және партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің тіркелуі кезеңі);
- 1998 ж. –

2002 жылдың шілдесіне дейін (партиялық жүйенің дамуы, жаңа қоғамдық бірлестіктердің құрылуы);

- 2002 жылдың шілдесінен – 2007 жылға дейін (партиялар туралы жаңа заңның қабылдануына байланысты партиялардың қайта тіркелуі және жаңаша партиялық жүйенің құрылуы);
- 2007 жылдың шілдесінен қазіргі уақытқа дейін (ҚР-ы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулардың негізілуіне байланысты сайлау жүйесінің өзгертуі, осыған байланысты партиялық саяси аландық қайта құру

у).

Осылайша, елімізде партия институтының қалыптасу процесі тек ілгері жылжу бағытында ғана емес, күрделі, әрі қайшылықты жағдайда жүреді. Тәуелсіздіктің жиырма жыл дана ста му ақы таралығында елімізде тіркеуден өткен 28 партиядан қазіргі таңда өз қызметтерін жалғастырып жатқан 8 партия бар, олар: «Нұр Отан» партиясы; «Ақжол» демократиялық партиясы; «Азат» жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы; Қазақстан Коммунистік халық партиясы; Қазақстан Коммунистік партиясы; Қазақстан патриоттар партиясы; «Ауыл» Қазақстан социал-демократиялық партиясы; «Бірлік» саяси партиясы.

Партиялардың қалыптасуының бастапқы кезеңдерде саяси партиялар «төменнен» құрылса, кейінгі кезеңдерінде партиялардың көпшілігі «жоғарыдан» құрылған.

Қазіргі таңда ҚР-

да бір партияның басымдылығы, яғни, «Нұр Отан» партиясының басымдылығы бар, көп партиялық жүйе моделі қалыптасты. Мұндай жүйе Жапонияда-Либералдық-демократиялық партияның, Ұлыбританияда-1970-1980 жылдары Консервативтік партия, ГФР-да 1970-

1990 жылдары Христиан демократиялық партиясы және Азияның, Латын Америкасының бір қатар елдерінде орнына алған. Сол сияқты Ресейде де осы модель бойынша көп партиялық жүйе қалыптасқанын білеміз. Ресейде басымдылыққа ие биліктің партиясы «Единая Россия» болып табылады.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, саяси партияның түпкілікті мақсаты – билік үшін күрес және оған қолжеткізген жағдайда билікті жүзеге асыру болып табылады. Бұл тұста Парламенттің төменгі палатасы – Мәжілісесі сайлаудың нәтижелерін еталау жасай келе мынаны байқаймыз:

Нұр Отан ХДП өзіннің құрылған 1999 жылдан бастап тұрақты түрде Парламент мандатына ие болып келе жатар.

1990 жылдарда Қазақстан Коммунистік партиясы өкірет сайлаудың нәтижесінде Мәжілістен орныналды.

- Ақжол демократиялық партиясы, Әділет демократиялық партиясы, Ауыл Қазақстан социал-демократиялық партиясы бір реттен сайлау кезінде жеңіске жетіп, мандатқа ие болса, қалған 5 партия Мәжіліс сайлауы кезінде шірорына ала алған жоқ.

2007 жылы ҚР-сының Конституциясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты Парламент Мәжілісіне сайлау пропорционалдық сайлау жүйесі бойынша жүзеге асырылды. Осы жүйе бойынша 2007 жылдың 18 тамызында Мәжілісесі сайлау кезінде 98 мандат қатек «Нұр Отан» ХДП ғана ие болды. Соның нәтижесінде Мәжіліс бір партиялық палатаға айналғаны белгілі. Қалған 9 партия 7% -дық жеде не те ал мауына байланысты Парламенттен тыс қалды. Әрине, бұл жағдай елішінде біраз пікір таласта рын туғызды. Парламент палатасының тек бір партия өкілдерінен құралуы, әрине, көп партиялық жүйеге қайшы жағдай. Сол себепті де болар Мәжіліс 2011 жылы мерзімінен бұрын өз-өзін тарату туралы шешім қабылдағаны белгілі [5].

Ал, 2012 жылы 15-

қаңтарда өткен сайлаудың нәтижесінде «Нұр Отан ХДП» сайлаушылардың 88,99% дауысына ие болып, 83 мандат алса, «Ақжол» демократиялық партиясы сайлаушылардың 7,47% дауысын жинап, 8 мандатты иеленді; Қазақстан Коммунистік халық партиясы сайлаушылардың 7,19% дауысына ие болып, 7 мандат алды. Ал басқа тіркеуден өткен партиялар 7 пайыздық жеде не те ал мады [6].

Сонда өкіл партия өкілдерімен Қазақстан Халық Ассамблеясы сайлайтын 9 депутат Мәжіліс құрамының 22,4% -ын ғана құрайды да, «Нұр Отан ХДП-ның» үлесіне 77,6% тиесілі болып отыр. Бұл қалыптасқан жағдайдан біз ҚР-дағы көп партиялық жүйенің әлі де болса, жетілмеген жақтары бар екенін, оның қалыптасу үстінде екендігін байқаймыз.

Әрине, 8 партияның ішінде әлі де болса қоғамдаық палдық күшке айнала қоймаған партиялар баршылық. Бір қатар саясаттанушы ғалымдар мен сарапта машылардың пікірлерінше «Нұр Отан ХДП», Ақжол демократиялық партиясы, «Азат» Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы партия институтына қойылатын критерийлерге сай, ал қалғандары протопартиялар сатысында де ген пікірде. Бір сөзбен айтқанда, олар әлі қалыптасу үстінде де ген сөз.

Нақ қазіргі кезде еліміздегі көп партиялық жүйенің дамуында бір қатар кемшіліктер орнына луда. Саяси жүйе де басымдылыққа ие билік партиясы мен бәсекеге қабілетті партиялардың қалыптасуы мен даму процесі баяу жүреді, тіпті тоқырау жағдайында десек артық болмас. Партиялар қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік топтардың мүдделері үшін күресіп, азаматтарды саяси өмірге жұмылдырып отыр деу киын. Қоғамда тұрақты жұмыс істейтін, азаматтардың мақсат-мүдделерін нақты қорғайтын саяси партияға де ген қажеттілік бар. Әзірге мұндай қажеттілікке жауап беріп отырған-



«НұрОтан» партиясығана. Біздің еліміздегі саяси партияларға сайлау науқаны кезінде ғана белсенділікті таныту ба-  
сым. Сондықтан да болар, ресми тіркеуден өтіп, бағдарламалық құжаттары болғанымен саяси партиялардың бас-  
ым көпшілігі санда барда, санатта жоқ. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, кейбір дамыған елдер тәжірибесінен бас-  
ым партиясы бар партиялық жүйенің тиімді екенін көруімізге болады. Алайда, күнікешегана бір ғана партияның  
үстемдігі орнаған тоталитарлық саяси режимді басынан кешірген қоғамдар үшін саяси жүйеде басымды-  
лыққа ие партиясы бар модельдің орыналуы, партиялар арасында шынайы бәсекелестіктің болмауы қауіпті жағд-  
ай. Бұл жағдай еліміздегі демократияландыру процесінде тежеп, қоғамның ілгері дамуына кері ықпалын тигізуі әбд-  
ен мүмкін.

Біздің елде халықтың сенімі неіе, беделі мен саяси салмағы бар, толыққанды, нағыз оппозициялық саяси парт-  
ияның қалыптасу процесінде қайшылықты жағдайда өтуде. Соңғы кезде оппозициялық ЖСДП мен «Азат» парти-  
яларының ортақ ұйымда басқосып, бірігуінен нәтижесі шықпай, керісінше, олардың арасында ауызбірліктің бо-  
лмай, жіктің тууы соның дәлелі.

Қоғамда партиялардың қпалдық күшеі айналуын қамтамасыз ету үшін саяси партиялармына мәселе-  
лерге назар аударулары керек:

біріншіден, саяси партиялар ішкі ұйымдық құрылымдарының сапасын арттырып, сайлау аралық кезеңде саяси м-  
енеджментті дамытуға, саяси маркетинг құралдарын шеберлікпен қолдануға, тиімді ақпараттық және коммуни-  
кативтік технологияларды ұтымды пайдалануға маңыз бергендері жөн;

екіншіден, партиялар өз қатарларынан саяси элита құрамына ұсынатын кадрлардың кәсіби саясаткер ретінде  
егіше берліктері мен моральдық сапаларын жақсарту мақсатында іс-шараларды жүзеге асырулары қажет;

үшіншіден, мемлекеттік билікпен бірлесе отырып, саяси партиялар азаматтық қоғам мүшелерінің саяси процес-  
терге, әсіресе сайлауға белсенді қатысуларына қолжеткізулері керек. Ол үшін әлемдік демократиялық стандартқа  
сай, шынайы, әділ сайлау өткізу жолы мен азаматтардың сайлауға деген сенім-  
дерін арттыруға маңыз берілген жөн. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2014 жы-  
лдың 17-

қаңтарында Қазақстан халқына Жолдауында «Әлемнің дамыған 30 елінің қатарына ұмтылыс кезінде бізге адал б-  
әсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениет ахуалы қажет» [7], -  
деп атап көрсеткенін баса айтқанымыз жөн.

төртіншіден, оппозициялық партиялар билік партиясы мен бәсекедесалмақтанығатын саяси күшеі айналу үшін  
өзбастарын біріктіріп, жаңа бағдарлама мен идеологиялық тұғырға азырлеп, электоралдық менеджмент техно-  
логияларын шебер пайдалану арқылы электораттарынан барынша қолдауға ие болу мүмкіндігін қарастыруы  
қажет. Сонымен қатар, мемлекеттік билік оппозицияның демократиялық саяси жүйенің маңызды және заңды ин-  
ституты ретіндегі ролі мен мәртебесін толық мойындау және олардың пікірлері мен санасулары керек. Әрине, о-  
л үшін, екі жақтың тарапынан да қоғам пайдасы үшін пікір алмасуға деген мүдденің болуы қажет.

1 Перегудов С. П. *Партии и группы интересов: новая модель взаимодействия* // *Полис*. - 2014. - №1. - С. 45-59.

2 Шварценберг Р. Ж. *Политическая социология* // *Пер. с фр.* - М., 1992. - С. 27-28.

3 *Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы* // *Егемен Қазақстан*. - 19 шілде, 2002 ж.

4 Харитонова Н. И. *Демократический выбор для России и Казахстана* // *Опыт демократических реформ на евразийско-  
м пространстве: сравнительные модели и практические механизмы. Сборник материалов международной научной конференции*. - Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2006. - С. 28-31.

5 Будуктаев Ю. А., Бокаев С. О. *Электоральная демократия в Республике Казахстан* - Алматы, 2011. - С. 116-139.

6 *Бесінші шақырылатын ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарын кезектен тыс сайлау қорытындылары туралы х-  
абар* // *Егемен Қазақстан*. - 18 қаңтар 2012 ж.

7 *Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы-  
2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы* // *Егемен Қазақстан*. - 18 қаңтар 2014 ж.

## Резюме

В статье рассматриваются место и роль современного института политических партий в политической системе общества,  
аргументирована необходимость института партий в современном мире, проведен сравнительный анализ формирования  
и развития института политической партии в постсоветских странах и странах Западной демократии, выделены особенности  
и партийной динамики постсоветских стран.

Дана политико-

историческая периодизация становления и развития института политической партии в РК, раскрыты особенности формиро-  
вания и развития многопартийной системы РК, анализируется электоральное поведение политических партий в РК, в заключ

ени статья делается вывод о возможных направлениях дальнейшего развития модели партийно-политической системы и сформированы рекомендации по дальнейшему развитию многопартийности в Республике Казахстан.

**Ключевые слова:** политическая система, политическая партия, многопартийная система, гражданское общество, политический плюрализм, процесс демократизации общества, пропорциональная избирательная система, оппозиция, политический менеджмент

### Summary

In this article the place and role of a modern political party institution in the political system of the state has been considered, the relevance of a party institution in the modern world has been substantiated, a comparative analysis of the formation and development of a political party institution in the post-Soviet countries and in the countries of Western democracy has been conducted, also specific features in the dynamics of parties in the post-Soviet countries have been highlighted.

The political and historical periodization of the formation and development of a political party institution in the Republic of Kazakhstan has been provided, specific features of the formation and development of a multi-party system of Kazakhstan have been disclosed, the electoral behavior of political parties in the Republic of Kazakhstan has been analyzed; possible trends of the further development of the model of party-political relations have been revealed in the end of the article, also recommendations for the further development of a multi-party system in the Republic of Kazakhstan have been drawn up.

**Keywords:** political system, political party, multi-party system, civil society, political pluralism, the process of democratization of society, a proportionate electoral system, opposition, political management

УДК 323.1-047.44:008(574)

## ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ВОСПИТАНИЯ КУЛЬТУРЫ МЕЖНАЦИОНАЛЬНОГО ОБЩЕНИЯ

*А.Ж. Мукажанова – д.полит.н., доцент кафедры политологии и СФД КазНПУ им. Абая*

Существенной закономерностью современного общества является рост масштабов межнационального общения и потребность в воспитании культуры межнационального общения имеет важное значение для сохранения стабильности и целостности любого многонационального государства. В данной статье рассматриваются правовые основы воспитания культуры межнационального общения как имманентно правовой системы, являющейся основным механизмом регулирования взаимоотношений граждан, народов, этносов многонациональных государств. Ведущей функцией правовой системы является поддержка и защита прав народов, этносов, прав свобод граждан независимо от расы, национальности, языка, происхождения, места жительства, отношения к религии. В связи с этим политологический анализ правовых основ воспитания культуры межнационального общения предполагает определение основных проблем и приоритетных направлений в этой сфере, что автор пытается осуществить в рамках данной статьи.

**Ключевые слова:** этнос, нация, многонациональное государство, общество, межнациональное общение, право, свобода, равенство, политика, нравственность, гуманизм

Формирование культуры межнационального общения – сложный, многоаспектный, длительный процесс, на основе которого лежат определенные базовые принципы. Наряду с национальными и общечеловеческими ценностями, являющиеся основополагающими в межнациональном общении, имеют важное значение также и имеют правовые нормы и законы. Поэтому деятельность по формированию и воспитанию культуры межнационального общения в Казахстане должна опираться на важную международную правовую основу, которая признана мировым сообществом.

В Уставе ООН, во всеобщей Декларации прав народов, в международном пакте об экономических, социальных и культурных правах, а также в международном пакте о гражданских и политических правах, в заключительном акте совещания по безопасности и сотрудничеству в Европе, в итоговых документах Мадридской, Венской и Страсбургской конвенций утверждены самые важные международные правовые принципы как уважение прав и свобод человека, равенство, недопущение дискриминации по каким-либо признакам, правонаци на самоопределение и самоуправление и т.д. В них также утверждены права национальных меньшинств, принципы взаимоотношения с диаспорой, законные пути защиты индивидов при ущемлении прав и свобод, обязанности государств, направленные на запрет в рамках закона любых заявлений и действий порождающих национальную, расовую или религиозную вражду и ненависть. Напротив, требуется «действовать в духе братства народов по отношению друг к другу» [1].

По отношению к отдельным личностям не являющимся гражданами страны проживания утверждены определенные международные правовые стандарты. В них отражены принципы равенства по отношению к переселенцам

их семьей помногим жизненно важным проблемам. Вместе с тем, иностранцы проживающие на законном основании на территории той или иной страны должны быть защищены от посягательства местной власти.

Рассмотренные выше международные правовые нормы и принципы в своей совокупности формируют инстинкт прав человека. Это одновременно обязанности государства, строящего общественную жизнь на принципах гуманизма и демократии, а также требования, предъявляемые членам международного сообщества.

В основе прав человека международное сообщество предусматривает естественно-историческую обусловленность, связанная с природой самого человека. Права человека исходят из присущего каждому человеку чувства чести и достоинства. Занимая центральное место среди других социально-политических норм и типов социально-политического регулирования, права человека провозглашают принцип равенства людей действительно разных по многим признакам, в том числе и по национальному признаку. Такая разность проявляется в определенных отношениях, где каждый участник выполняет какую-то роль. Совершенство гуманистического содержания, собственная обусловленность прав человека ставит их в один ряд с основными общечеловеческими ценностями.

По нашему убеждению безусловное уважение прав человека в независимости от расы, национальности и религии является основой деятельности по формированию и воспитанию культуры межнационального общения в Казахстане. Усилия субъектов управления – государства, политических партий, общественных структур и т.д. должны быть направлены на установление контроля за обеспечением прав человека, на создание условий для их развития. Очень важно и необходимо отметить, что это касается не только национальных меньшинств и представителей титульной нации. Формирование общественного сознания и понятия безусловной ценности каждого человека как присущими ему свободами и правами, о принципе равноправия всех людей порождает свою очередь атмосферу толерантности, а также уважение любой формы «неодинаковости», оригинальной идентичности человеческого «я». Одновременно порождается и моральное правосознание из защиты этой оригинальной идентичности, которая воспринимается как законная в соответствии с формирующейся традицией.

Приоритет человеческих прав выделяет величие его гражданский статус, социальное положение и основы ваясь на этом ставит всех в равное положение перед государством в отношениях друг с другом [2]. Общественные движения отдельные личности, уделяющие особое внимание национальным проблемам являются сторонниками объективного, справедливого решения этих проблем в рамках концепции прав человека. Если отрицательные эмоции направлены на кого-то конкретно, то противопоставляемые представителю той или иной национальности будут восприниматься как потенциальные враги.

Общечеловеческий характер основных прав человека составляет их объективную основу. В связи с этим признанием преобладания общечеловеческого над классовым, национальным и т.д. является первоосновой всей концепции прав человека. На сегодняшний день это имеет важное теоретико-методологическое значение для понимания актуальных проблем национальных и межнациональных отношений со стороны, а также в связи с правами человека и развития свобод личности с другой стороны.

В некоторых бывших советских республиках действительно провозгласивших свое независимости и ратифицировавших многие международные правовые акты ограничиваются правами свободы человека, например, в получении гражданства, в использовании родного языка как по своему желанию, в поступлении на государственную службу, в выборе профессии, а также места жительства. Также наблюдается отрицательное отношение к межнациональным, смешанным бракам и т.д. В результате такого приукрашивания национальных факторов открыто или негласно нарушается гормональное соотношение межнациональной принадлежности и личностной свободой человека, так как вольно или невольно ограничиваются свободы выбора личности, ее духовные, социально-политические стремления.

С точки зрения концепции прав человека идея преимуществ коренной нации предложенная и осуществляемая в странах Балтийского побережья – очень пагубная идея. В соответствии с этой идеей, государство – это результат самоуправления наций, состоящих в гармоничных взаимоотношениях между собой и основанная целым государством защита титульной нации, давшей название государству, на самоуправление и сохранение ее национальной идентичности [3].

Если государство воспринимается как гарант национальной идентичности, национальной независимости коренной нации, то по этой логике государство превращается в средство осуществления принципа независимости, стоящее выше общества, выше его членов и неподвластно никому.

Перенос идеи преимуществ на национальный уровень запускает механизм превращения изначальной сущности идеологии национального возрождения в ее противоположность. Существо-

вания таких взглядов можно объяснить, даже можно понять сточки зрения психологии как эмоциональная реакция после многолетнего забвения национального. Но в любом случае нельзя брать их за основу национально-государственного устройства.

Превосходство одной нации над другой минимально на любой основе, например, как численность, уровень развития, срок проживания, определенность исторических отношений и т.д. невозможно и недопустимо. В общечеловеческом, высоко измерении «есть приоритет существующих ценностей и они должны быть сохранены, развиты» [4].

В любом случае, на уровне государственной политики и организации общественной жизни происходит деление, разобщение людей на «своих» и «чужих». На первый взгляд такое деление происходит вроде бы по этническому признаку, но по сути, по политическим последствиям – это деление по политическому признаку. Стремление обосновать такое деление сточки зрения нравственных, моральных и эстетических понятий, являющихся понятиями общечеловеческими, но в то же время имеющими свою национальную специфику, на наш взгляд нелогично, недоказательно. Если действительности у каждой нации существует своя собственная нравственность, то в целом сложилась бы ситуация всеобщей безнравственности и народы не пришли бы к вечным ценностям, являющимся духовным богатством всего человечества. На самом деле все не так. Понятия о добре и зле, о прекрасном, о совместной, общественной жизнедеятельности людей, связанные с формами проявления, соответствием элементов, а также конкретные исторические и особенные, духовной практикой каждого народа отличаются. Однако, понятия о нравственности, особенно связанные с резким ростом межнациональных взаимоотношений, взаимобновления и интеграции, в своем самом главном сущностном аспекте для всех одинаковы. Вместе с тем, у нравственных, моральных, эстетических понятий народов проживающих в одном культурно-цивилизационном пространстве, например как Европа, общие корни – христианство, эпохи античности, возрождения и просвещения.

Государственная политика на основе идеологии превосходства коренной нации весьма противоречива и проблематична. Она непродуктивна, невыигрышна, так как на начальном этапе развития вновь завоеванных независимых государств объединяет членов общества для выполнения необходимых, созидательных задач, на против разобщает. Объединение людей во круг общего, значимого для всех дела, привлечение к аждого в независимости от национальности для участия в общем деле способствуют совершенствованию воспитания культуры межнационального общения, тем самым ускоряют процесс достижения поставленных целей.

Национальность –

это признак не всегда присущий человеку с рождения и предопределяющий уровень его духовности. Нет строгой зависимости между биологической наследственностью человека и его будущим характером, мировоззрением, поведением. Как отмечает А.Б. Понкратов: «Личность человека, как его сознание в любой мере не является предшествующим его поведению, нооборот поведению порождает личность» [5].

